

Сабақтың тақырыбы:

**Көкөніс өсіру- өсімдік
шаруашылығының бір саласы**



Үй тапсырмасын сұрау

- а) Қандай киім түрлерін білесіңдер?
- ә) Белдік бұйымдар дегеніміз не?
- б) Белдік бұйымдарға қажетті негізгі өлшем?
- в) Белдік бұйымдарды ата?






Сабақтың мақсаты:

- 1. Білімділік** – көкөніс дақылдары туралы мәлімет бере отырып, тұқым түрлерімен таныстыру.
Тұқымды себу мен даярлау әдістерін меңгерту.
- 2. Дамытушылық** – оқушылардың ой - өрісін кеңейту, білімдерін іс жүзінде көрсетуге ықпал ету, практикалық іс – әрекеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамдарын дамыту, теориялық білімдерін практикада ұштастыру.
- 3. Тәрбиелік** – еңбек мәдениетіне, іскерлікке, ұқыптылыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу және өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.


Сабақтың түрі: топтық жарыс сабақ

Сабақтың әдісі: интерактивті тақта арқылы көкөністерді көрсету, егілген дайын тұқым, сарамандық жұмыс

Қажетті құралдар: тұқымдар, су, стакан, топырақ,



Жұмбақтар



1. Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні. /сәбіз/

2. Аласа талда алуан алма,
Алқызыл болмай аузыңа салма. /қызанак/

3. Сопақша көк өңі бар,
Пайдалы мөлдір сөлі бар.

Піскен кезде жияр,
Оның аты... /қияр/

4. Аласа ғана бойы бар,
Қабат - қабат тоны бар. /қырыққабат/

5. Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызғылт дәу жатыр. /қызылша/



Көкөніс шаруашылығы – көкөніс алу мақсатында оларды өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының бір саласы. Көкөніс шаруашылығының басқа өсімдік шаруашылығынан ерекшелігі – мұнда көкөніс дақылдары ашық және қорғалған жерлерде өсіріледі. Көкөніс шаруашылығы өсіру тәсілдері бойынша: танаптық көкөніс шаруашылығы, ашық танаптағы көкөніс шаруашылығы және қорғалған жердегі көкөніс шаруашылығы болып бөлінеді.

Қорғалған жердегі көкөніс шаруашылығының ең жетілген түрінде (мысалы, осы заманғы [жылыжайларда](#)) өсімдіктің өсіп-дамуына қажетті барлық жағдайлар жасалады және жылдың кез келген мезгілінде (қыста, ерте көктемде және қара күзде) көкөніс алуға мүмкіндік береді.

Ашық танаптағы көкөніс шаруашылығы – көкөністі танаптық жағдайларда өсіреді. Көкөніс шаруашылығында өсімдікті ерте көктету, өсіріп жетілдіру (мысалы, түсті капусталар), көшеттерді отырғызу **мысалы**, кеш пісетін капусталар аралықтарына ерте пісетін капусталар отырғызуға болады. Көкөніс өсірумен Ежелгі [Қытайда](#), [Мысырда](#), Ежелгі [Грекияда](#) және Ежелгі [Римде](#) айналысқан.

Қызанақ – жемісі жеуге жарамды, біржылдық немесе екіжылдық шөптесін өсімдік. Жемісі өте шырынды, түріне қарай домалақ, сопақ, майда, ірі болады. Түсі ашық күлгіннен, қою қызылға дейін болып келеді және сары түстілері де кездеседі. Қияр - немесе кәдімгі қияр – Асқабақ тұқымдастылардың ішіндегі қияр туыстыларына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Сабағы түкті, мұртшалары арқылы шырмалып өседі, биіктігі 1 - 2 метрге дейін барады. Жемісі – жеуге жарамды, тұқымы көп, шырынды және түсі жасыл болып келеді. Түріне байланысты көлемі әртүрлі болады. Жылыжайда өсірілген қиярлар ұзынша сырты жылтыр болады, ал бақшада өсетін түрлері орта көлемді сыртқы қабыршақтары түкті болып келеді.. Жеміс піскен кезде әрбір 2 апта сайын минералды тыңайтқыштармен тыңайту керек.

Сәбіз - барлық жерде өседі. Азықтық және асханалық сорттары бар. Асханалық сорты онша ірі емес, тамыр жемісі жұмсақ, қантты. Сәбіз құрамында қант, белок, минерал тұздары (калий, натрий, фосфор) және организмге қажетті басқа да заттар бар. Сәбіз – негізінен екіжылдық өсімдік. Бірінші жылы жапырақ түзуші ортасы мен тамыры өссе, екінші жылы ғана тұқымы пайда болады. 60 - қа жуық түрі Африка, Австралия, Жаңа Зеландия және Америкада кең тараған. Тамыр жүйесі жақсы дамыған, еттілігі мен түріне қарай ұзартылған конус, цилиндр пішіндес болады және салмағы 30 граммнан 300 граммға дейін жетеді. Түсі ақ, ақшыл сары, қызыл - сары болып келеді. Ең алғаш сәбіз Ауғанстанда өсірілген. Осы елде сәбіздің ең көп түрі тіркелген.

Көкөністер



Талдау:

1 топ: Көкөніс дақылдары

2 топ: Қорғалған жердегі көкөніс шаруашылығы



Эссе жазу.

1 топ: Сәбіз тұқымын себу

2 топ: Қияр тұқымын себу



Үй тапсырмасы: Бүгінгі сабақта
айтылмаған көкөністер туралы мәліметтер
жинақтап келеміз.

